

## Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдарды қайта ұйымдастыру және құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 шілде N 922

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1 . М ы н а л а р :

1) "Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны болып қайта құру ж о л ы м е н ;

2) "М.Ә.Айтқожин атындағы молекулярлық биология және биохимия" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "М.Ә.Айтқожин атындағы молекулярлық биология және биохимия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құру жолымен;

3) "Фармацевтік биотехнология институты" мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Фармацевтік биотехнология институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құру ж о л ы м е н ;

4) "Өсімдіктердің физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Өсімдіктердің физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құру жолымен;

5) "Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

### Кәсіпорындар қызметінің негізгі нысанасы:

денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп үшін өнімдер шығару жөніндегі ғылымды қажет ететін, экологиялық таза, аз қалдықты және қалдықсыз биологиялық технологиялар мен өндірістерді әзірлеу биотехнология саласында конверсиялық бағдарламаларды іске асыру болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Орталық дәрігерлік қоспаларды биологиялық зерттеу лабораториясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құрылсын.

Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы:

жаңа дәрілік заттарға биологиялық фармакологиялық және таксикологиялық зерттеулер жүргізу, оны әзірлеу және жасау;

олардың әсер ету тетіктерін зерделеудің негізінде биологиялық белсенді заттарды алдын ала іріктеудің клеткалық жүйелерін әзірлеу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Кәсіпорындарды мемлекеттік басқаруға өкілетті орган, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі:

1) Кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін және оларды мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*